**26.08.2019 ж.**

**«Ядролық қарусыз- қауіпсіз болашаққа»**

Қазақстан – әлемде өз еркімен ядролық, қарудан бас тартқан бірінші ел.1991 жылы 28 тамызда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Семей ядролық полигоны жабу туралы Жарлығы шықты.Бұл біріншіліктер көңіл қуантарлықтай емес, әрине, себебі қаншама қазақ жұрты осы ядролық жарылыстың ауыр зардабын көрді.Семей полигонында өткізілген ядролық сынақтардың жалпы қуаты Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе көп болды.Бүгінде әлем жұртшылығын алаңдатып отырған өзекті мәселе ол экология саласы.Жоғарыда атап өткеніміздей, Семей полигоны, сондай- ақ Арал тенізінің тартылып қалуы, Байқоңыр жері,алысқа бармай- ақ,өз жеріміздегі түрлі жағдайларды айта берсе жетерлік.Ұлт мүддесін ұранына айналдырған Халықаралық Невада- Семей ядролық қаруға қарсы қозғалысының төрағасы Олжас Сүлейменов бастамасымен көптеген эколог мамандар «Қарусыз әлем», «Ядролық қаруға жол жоқ», т.б тақырыптарда акциялар өткізуде.

Қашанда жеріміздің экологиялық жағдайына бей жай қарамайтын ел азаматтары біздің қаламызда да түрлі іс шараларды ұйымдастырып келеді.Осы мақсатта осындай іс шараны №2 Облыстық әмбебап ғылыми кітапханамыздын оқу залы бөлімінде «Ядролық қарусыз- қауіпсіз болашаққа» тақырыбында тақырыптық сөре қойылды. Осы тақырыпқа сәйкес Медеу Сәрсекенің «Семей Қасіреті», Еркін Байғабылұлының «Ядролық зұлмат»Д.Сейсенұлының «Семей елі,жері», Қ.Бозтаевтың «Семипалатинский полигон»,
М.Аймақовтың»Көргендерім»,А.Құрманбаевтың «Қазақ баспасөзіндегі Арал және Семей экопроблемалары» т.б кітаптармен қатар, Егемен Қазақстан газеті және Жалын журналына шыққан мақалалар қойылды. Көрме 22-ші қыркүйек айына дейін жұмыс жасайды.Оқырмандардарды көрмемен танысуға кітапханамызға шақырамыз!


ӘУЕЛСІЗДІК
ОЛҒАУЫ
Еркін
БАЙҒАБЫЛҰЛЫ
Ядролық
ЗҰЛМАТ


Тоғызыншы тарау
ҚИСАПСЫЗ
КӨП ЖАРЫЛЫС
КІМ ҮШІН?


Ядролық қарусыз
болашаққа !!!


Семей
қасіреті


АТОМДЫҚ ФИЗИКА